

## Қазақстан Республикасының Кеден комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1797. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.18. N 1551 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, орталық аппарат қызметкерлері шекті санының негізінде 210 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Кеден комитетіне төрағаның 6 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ 11 адамдық алқа ұстауына рұқсат етілсін. <\*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМҚ-нің 1996.02.07.

N 175 қаулысымен.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.05.29.

N 661 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті орталық аппараты

үшін 9 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

<\*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМҚ-нің 1996.02.07.

N 175 қаулысымен.

4. "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 29 тамыздағы N 1195 қаулысының 3-5 тармақтарының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1995 жылғы 19 желтоқсандағы

№ 1797 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасының Кеден комитеті орталық  
аппаратының  
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Кеден бақылауын ұйымдастыру басқармасы

Контрабандамен және кеден ережесін бұзушылармен күресті  
ұйымдастыру басқармасы

Кеден кірісі басқармасы

Кеден күзеті мен режимін ұйымдастыру басқармасы

Кеден органдарын қаржыландыру және материалдық-техникалық  
камтамасыз ету басқармасы

Кадр басқармасы

Аппарат қызметін ұйымдастыру жөніндегі басқарма

Кеден бақылауы мен кеден статистикасын автоматтандыру басқармасы

Сыртқы байланыстар басқармасы

Заң бөлімі

Өзінің жеке қауіпсіздігі бөлімі

Ақпаратты қорғау бөлімі

Баспасөз қызметі

Ресей Федерациясы Мемлекеттік Кеден комитетінің жанындағы  
Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің Өкілдігі